

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/VXZC3924>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/UNFQ9326>***Г. С. Мусинова¹, Қ. Т. Төлебаева², Г. Б. Қожахметова³**^{1,2,3}Alikhan Bokeikhan University,

Қазақстан Республикасы, Семей қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0567-3787>²ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1636-8822>³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8346-3996>*e-mail: g.musinova@mail.ru

АДАМ МЕН ТАБИҒАТ БАЙЛАНЫСЫ: СЕМЕЙ ПОЛИГОНЫ

Мақалада адам мен табиғат байланысы қарастырылған. ХХІ ғасырдағы жалпыадамзаттық құндылықтардың бірі – көркем прозадағы экологиялық мәселелер. Мақалада контент-талдау, интертекстуалдық талдау, интерпретациялық талдау әдістері қолданылып, экологиялық мәселелердің ұлттық деңгейдегі маңызы қазақ және жапон әдебиеті үлгісінде анықталған. Экологиялық мәселелердің берілуі – қазақ прозасындағы көркемдік интерпретацияның нәтижесі. Қазақ прозасында «ұлт трагедиясы» ретінде танылатын «Семей сынақ полигоны» тақырыбын қарастыру екі кезеңде жүзеге асырылды. Нәтижесінде екі кезеңдегі көркемдік, эстетикалық талаптар, символдық мән айқындалды.

Көркем шығармада экологиялық апаттардың сомдалуы бүгінгі әлем әдебиетіндегі тенденциямен байланысты. Ұлттық әдеби үдерісте «Семей сынақ алаңын» «ұлт трагедиясы» ретінде танылуы қазақ прозасындағы экологиялық мәселелердің берілу ерекшелігін зерттеуді қажет етеді. Осыған сәйкес зерттеуімізде қазақ прозасындағы экологиялық мәселелердің тақырыптық арнасы, идеялық ерекшеліктері анықталған.

«Семей сынақ алаңы» көркем шығармада сомдалуы «экосын» термині аясында қарастырылды. Әдебиеттегі экологиялық апаттардың сомдалуын зерттейтін жаңа сала бүгінгі күні қарқынды дамуда. Қазақ және жапон әдебиетін салыстыру экологиялық мәселелердің бүкіл әлемдік маңызға ие екенін көрсетеді. Адам мен табиғат байланысын талдауда экологиялық апаттардың зардабы ұлттық, бүкіл әлемдік деңгейде қарастырылады.

Кілтті сөздер: экосын, экологиялық мәселелер, көркемдік интерпретация, жалпыадамзаттық құндылық, атомдық бомба әдебиеті.

Кіріспе

XXI ғасырдағы қазақ әдебиетінің негізгі қағидалары ұлттық мүддеге, жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделеді. Соның ішінде экологиялық мәселелер қазақ прозасының өзекті тақырыптарының бірі саналады. Тәуелсіздік жылдарынан бастап қазақ әдебиетінде қарқынды өзгерістер орын алды. Атап айтар болсақ, ұлт мүддесін жоғары санайтын, адамды тану, кейіпкер әлемін суреттеуде ерекшеліктер көптеп кездеседі. Ұлттық әдебиетімізде Семей, Арал теңізі, Байқоңыр ғарыш айлағына қатысты экологиялық мәселелері қалыс қалмады. Зерттеуімізде Семей қасіретіне арналған прозалық шығармаларды талқылау көзделген.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде атомдық бомба Жапонияның Хирошимо, Нагасаки қалаларына тасталып, 110 мың, кейбір деректерде 210 мың адамның жанын қиғаны айтылады [1, 20.]. Осы кезден бастап дамыған елдер арасында атомдық бомбаны зерттеу, сынақ жүргізу додасы басталады. Кеңес Одағы 1949 жылы Семей өңірінде алғаш рет ядролық сынақ жүргізді. Полигонды алшақ жатқан өңір деп арнайылап таңдап алған комиссия мүшелері ұлаңғайыр жердің мәдени маңызын түсінбеді. Семей қаласының «Алашорда» партиясының астанасы болғаны, XX ғасыр басында мәдени маңызы бар қала болғаны ескерілмеді.

«Атомдық бомба әдебиеті» термині 1960 жылдан бастап қолданысқа енді. Дегенмен алғаш рет Хирошимо мен Нагасаки қаласында орын алған зұлмат 1946 жылы The New Yorker журналында жарық көрді. Жапон әдебиетінде «атомдық бомба әдебиеті» бірнеше кезеңдерде анықталады. Алғашқы кезең атомдық бомба жарылысының куәгерлерінің естеліктерінен, деректі шығармаларынан тұрады. Кейінгі кезеңдерде жазылған шығармалар атомдық бомба жарылысының саяси және әлеуметтік зардаптарын бейнелейді. 1977 жылы жарық көрген Н.Хиройоши «Атомдық бомба әдебиетінің тарихы» зерттеуінде 1966 жылдан бастап «атомдық бомба әдебиетінің» («genbaku bungaku») термин болып қалыптасқанын айтады [2, 35.].

Атом бомбасы жайлы алғашқы ғылыми фантастикалық көзқарас 1914 жылы жарыққа шыққан Г.Уэллс «Босатылған әлем» («Освобождённый мир») романында баяндалады. Атомдық энергияның энергия көзі ретінде қарастырудың алғашқы жылдары XX ғасырдың басына тұспа-тұс келді. Атомның жаңа күшінің ашылуы терең әлеуметтік мәнге ие. Осылайша радиоактивтіліктің пайда болуы жаңа өркениеттің қалыптасуын білдірді. Қаламгер Г.Уэллс шығармасында былай дейді: «Раз сброшенная бомба

полностью выходила из-под власти человека, и действием ее нельзя было никак управлять, пока ее энергия не истощалась. Из кратера, образованного взрывом в том месте, куда проникла бомба, начинали вырываться раскаленные пары, взлетать высоко в воздух земля и камни, уже ядовитые, уже насыщенные каролинием, уже излучающие, в свою очередь, огненную, все испепеляющую энергию» [3, 137.]. Осылайша прозалық шығармада жаңа дәуірдің басталғаны баян етіледі.

Қазақ әдебиетінде «Семей полигоны зардаптары» тақырыбының қарастырылуын екі кезеңге бөлуге болады: тәуелсіздікке дейін және тәуелсіздік жылдары. Тәуелсіздікке дейінгі кезеңде Б. Тілегенов, Р. Нұрғали, С. Оразалин, Р. Сейсенбаев шығармалары, тәуелсіздік кезеңінде М. Сәрсек, С. Досжан, Н. Ораз туындыларын атай аламыз. Аталған авторлар қазақ даласындағы экологиялық зардаптың әсерін бейнелеуді мақсат тұтқан. Адам мен табиғат байланысын, атомдық бомба жарылыстарының зардаптарын көркемдік интерпретация аясында суреттеу экологиялық мәселенің өзектілігін көрсетеді.

Материалдар мен әдістері

Зерттеудің әдістемесі ретінде контент-талдау, интертекстуалдық талдау, интерпретациялық талдау әдістері, сонымен бірге сараптау, саралау, талдау, салыстыру сынды жалпы ғылыми әдістер қолданылған. Контент-талдау барысында қазақ және жапон әдебиетіндегі «атомдық бомба» зардаптарының көркемдік интерпретациясының үлесі анықталды. Интертекстуалдық талдау нәтижесінде Семей қасіретінің тәуелсіздікке дейінгі және тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдерде сомдалуы айқындалды. Сонымен бірге Семей қасіретіне байланысты шығармаларды интерпретациялық талдау арқылы «ұлт трагедиясы» екені анықталды.

Зерттеу материалы ретінде қазақ және жапон қаламгерлерінің шығармалары алынды. Соның ішінде Б. Тілегенов «Қара жел», Р. Нұрғалиев «Үш аяқты құлын», Н. Ораз «Жылқының көз жасы», М. Ода «Хиросимо» шығармалары қарастырылды.

«Семей қасіреті» тақырыбын адам мен табиғат байланысында қарастыру ұлт трагедиясының өзектілігін көрсетеді. Осыған байланысты адам мен табиғат арасындағы үйлесімділіктің сақталуы көркем прозадағы өткір мәселе саналады.

Нәтижелер және талқылау

Көркем прозада адам мен табиғат байланысының суреттелуінің жалпыадамзаттық құндылық ретінде маңызы зор. «Тәуелсіздік біздің ұлттық әдебиетімізге бірқатар өзгерістер алып келді. Ең алдымен, ол (тәуелсіздік) кеңестік әдебиеттің пішінін өзгертті. Әдебиетке таптық, партиялық тұрғыдан қарау келмеске кетті. Шығармаға кейіпкер болатын адам белгілі бір тап пен

идеологияның шоқпарына айналмай, өз еркі өзіне тиесілі ұлт өкілі болу мүмкіндігі ашылды. Ол ұлт мүддесін күйттеп, өзін ұлт өкілі есебінде таныта алатын, адамдық мінез-құлықтары жағынан жалпыадамзаттық мұраттарды ұстанған тип болуға тиіс» [4, 9.]. Аталған пікірді негізге ала отырып, тәуелсіздік кезеңіндегі жалпыадамзаттық құндылықтардың бірі ретінде экологиялық мәселелердің көркем шығармада қарастырылуын санаймыз. Тәуелсіздікке дейінгі кезеңде Семей зардабы жекелеген авторлардың шығармаларында аталғанымен, экологиялық мәселе ретінде зардаптары арнайылап қарастырылмады.

Адам мен табиғат арасындағы қатынасты әдебиеттануда «экосын» саласы зерттейді. «Экосын әдебиеттегі табиғаттың әртүрлі көріністерін зерттейді. Табиғаттың көркем бейнесі, оның эстетикалық мәні және символдық рөлі әдеби шығармалардың маңызды элементтерінің бірі. Әдебиеттегі адамның табиғатпен қарым-қатынасы, оның табиғатқа әсері және табиғаттың адам өміріндегі орны басты назарда болады. Экосын арқылы әдебиетте экологиялық апаттар, табиғатты қорғау, климат өзгерістері және адамзаттың қоршаған ортаға тигізетін зияны сияқты маңызды тақырыптар зерттеледі» [5, 281.]. XX ғасырда бүкіл әлемді айрықша мазалаған мәселелердің бірі – экология мәселесі [6, 138-б.]. Соның ішінде қазақ жерінде Семей полигоны, ондағы ядролық сынақтар көркем шығармалардың негізгі тақырыбына айналды. Осы негізде зерттеуімізде Семей қасіреті алғаш боп баяндалған «Қара жел» шығармасын қарастырамыз. Аталған шығармада Семей сынақ полигоны экологиялық апат ретінде әрі оның зардабы баяндалады.

Кеңес Одағының саясатына қарамастан Семейдегі сынақ полигоны тақырыбын көркем прозада көтерген қаламгер – Б. Тілегенов. «Қара жел» шығармасында қазақ жерінде жасалған сынақтардың экологиялық зардабын жеткізеді.

Шығарма аудан орталығы Қайрақтыдан халықтың жаппай көшірілуінен бастау алады. «Бір-ақ күнде жүздеген түсі сұсты сұр машиналар лек-легімен ағылып сау ете қалды. Бейқам жатқан малды ауыл мұндай жер қайыстырған қалың машинаны көріп тұрғандары осы еді. Тыныш қана жатқан жалпақ аймақ кенет күңіреніп қоя берді. Ауыр машиналардың быжылдаған гүрілі кең даланы керіп кетті» [7, 281-б.]. Ауыл тұрғындары арасындағы қобалжу, белгісіздік шығармадағы психологиялық күйден хабар береді.

Шығармада Дегелең мекеніндегі сыналған атом бомбасы суреттеледі. «Кенет, алыста гүрс етіп, құлақ жарған қатты дауыс естіліп, төңірек солқылдап, аспан шайқалып, жер сілкінгендей болды» [7, 328-б.]. Сұрапыл күштің әсері бүкіл дүниені теңселтіп жібергендей әсер қалдырады. Сынақтың жүргізілуі «қайнаған қазандай», «мөңкіген асау аттай», «шоқтың қызуындай»,

«отты селдей» деген теңеулермен суреттелген. Сонымен бірге жарылыстың «қызыл» түспен бейнеленуінде символдық астар бар. Төңіректің тұтастай қызыл түске боялуы ыстық жалынның дала тарихын өзгертуін білдіреді. Өйткені жойқын күшке қарсы келер қуат та, кедергі де жоқ. Осылайша «атомдық кезеңге» аяқ басқан адамзат осы қарумен дегенін жасай алады.

Шығармадағы адам мен табиғат байланысы былай суреттеледі: «Адамның өзінен де сан ғасыр бұрын жаралған мына көне дүниенің бар тағдыры, ендігі қалған күні өзі дүниеге келтіріп, өзі өсірген перзенті – адамдардың қолында, соның ақыл-ойы, еркінде, адам жасаған қырғын күш пен алып қуаттың еркінде екен» [7, 330-б.], –деу арқылы адамның табиғаттан үстемдігі көрінеді.

Бірінші бөлімде Дегелеңде жүргізілген атом сынағы, радиацияның кесірінен ғашығынан айырылған Арман, сонымен бірге радиацияның үй жануарларына әсері баяндалады. Екінші бөлімде атом бомбасы сынағының әсері айтылады. Мәселен Қайрақты совхозының директоры Хайдардың жары Рымжан: «Қайдан қауіпті болмасын, жұрт шетінен ауырып жатқан жоқ па. Сынақ болған күні тұла бойым түсіп, басым сынып кете жаздайды» [7, 365-б.], – деп тұрғындар арасында жиі кездесетін радиация әсерінің белгілерін атап өтеді. Киіктердің опат болуы радиация салдарынан болып отыр. Сонымен бірге радиация әсерінен ауруға ұшыраған, «сәулелі ауруға» шалдыққан балалардың жиынтық образы Қайрат арқылы сомдалған.

Дегелең зардабының ендігі бір себебі «туған жерден» айырылу еді. Қайрақты жерінде полигон зонасының құруы, атомдық бомба сынағының жасауы өңірді туған мекенінен айырды. «Бүкіл жұртты елінен, жерінен бездіріп, атамекенінен айырып, тысқары қарай тықсырып тастағанда не ұтты. Бұл зонаны басқа жаққа, қу мекен, қу медиенге, адам баласы аяқ баспаған ессіз жерге орнатуға болмады ма?» [7, 402-б.], –дегенде Дегелең зардабының бір себебі айқын көрінеді.

Үшінші бөлімде Арманның азаматтық ұстанымы Дегелеңді экологиялық апаттан сақтау идеясынан көрінеді. «Адамдарды қорғайық, жер бүйірінде жатса да, шағын ауыл болса да, Дегелеңнің түбіндегі ауылдарды, қалың жұртты кеселден сақтайық, бұл дүниедегі ең асыл, ең қымбат – адам емес пе» [7, 432-б.], –деу арқылы Дегелеңдегі тұрғындарды құтқару маңызды екенін жеткізеді. Шығармада атомдық бомба сынағы жүргізілетін полигонды жабу идеясы көтеріледі. Дегенмен шығарма соңында шарасыз халықтың «арманы» ретінде суреттеледі.

Үш бөлімді романның негізгі тақырыбы Семей зардабын жеткізу. Шалғай жатқан Дегелең жеріндегі жүргізілген сынақтардың адамға, табиғатқа әсері нанымды суреттелген. Романның басты кейіпкері Арман аталуы да жайдан-жай емес. Автор осы арқылы ел орталығынан алыста,

палғай жатқан мекендегі тұрғындардың «арманын» жеткізуге талпыныс жасаған. Осылайша Б. Тілегенов Семей полигоны зардаптарын көркем әдебиетте алғашқы болып, «экологиялық апат» ретінде сомдайды.

Р. Нұрғали «Үш аяқты құлын» әңгімесінде полигон зардабын үш аяқты болып туылған құлын арқылы бейнелейді. Болмысынан жүйрік Торбиенің құлыны өзіне тартқан жүйрік болады деп күтіп жүрген. Әйтсе де Торбиенің тапқан құлыны үш аяқты мақұлық боп шықты. «Торбиенің нәсілінен жүйрік шығады деп арман еткен еркек құлынның орнына қос құлақтың бармақ басындай ғана нобайы бар, қисық көз, бұзау бастанған, бітеу мойын мақұлық тыпырлап жатыр» [8, 461-б.], - деп полигон зардабын адамдардан бөлек, жануарлардың да тартқаны көрінеді. Ойлана келе үш аяқты құлынның көзін құрттып, Торбиені союға шешім қабылдайды. Торбиенің қазасы, құлынның мақұлық сипаты экологиялық апаттың салдарынан болып отыр. Шығармада: «Жылқы полигонға тым жақын жерде жатыр» [8, 462-б.], - деп жылқы малына радиацияның тиген әсері көрініс береді. Қазақ даласындағы жарылыстардың Семей тұрғындарына тигізген өлшеусіз зияны, зардабы Торбие арқылы нанымды жеткізілген.

Н. Ораз «Жылқының көз жасы» әңгімесінде Семей өңіріндегі полигон зардабын жылқы болмысымен байланыстыра суреттейді. Ядролық сынақтардың толассыз жүргізілуі қоршаған ортаға жоғары деңгейде радиацияның таралуына әсер етті. Көзге көрінбейтін, зардабы бірден сезілмейтін «радиацияның» адам ағзасына, жалпы қоршаған ортаға әсері орасан. Әңгімеде қасқа биенің сүті, қымызы «радиацияға» ем болғаны баян етіледі. Қиын қыстау кезеңде қасқа биенің емдік сүті Абат қартты, отбасысын тажалдан аман сақтап қалды.

«Әлгі ауылдың бәрі жер астынан бір күнде, бір-ақ мезетте алып саңырауқұлақ секілді күркіреп шыға келген Жыннан шошып, жан-жаққа безіп кеткен» [9, 96-б.], - деп толассыз ядролық сынақ жүргізілген мекен «Жынның ылаңы», «Жын жайлаған меңіреу мекен» ретінде танылады. Жынның ылаңы балаға, кәріге де бірдей тиіп, ауруға ұшыраған. Осындай сәттерде Абат қарт өзін емес, артынан ерген ұрпағының жайын ойлайды. Қасқа биенің сүті ем болғаны: «Со жылдан бастап Абаттың үйінен қысы-жазы қымыз үзілмейтін болды. Соңынан ерген үйелменді-сүйелменді ұл-қыздарының бәрі де Жынның дертінен аман, ақыл-есі бүтін, ойы да, бойы да биік, келісті, келбетті азаматтар болып өсіп, жетіліп жатты» [9, 98-б.], - деп баяндалады. Батырларымыз ат жалын тартып мінгеннен бастап, атты серігі деп таныған. Бабаларымыз жылқының қасиетін танып, асыл жануар деп құрмет тұтқан. Автор жылқының ұлт дүниетанымындағы сакральды мәнін ескере отырып, адамзатты қауіптен арашалап қалатынын бейнелі жеткізеді.

М. Ода «Хиросима» романы арқылы атомдық бомба әдебиетіне жаңалық алып келді. Автор Хиросима қаласына бомба тасталғанын баяндап қоймай, сол кезеңдегі саяси жағдайларды баяндайды. Алғашқылардың бірі болып Америкадағы жүргізілген сынақтардың байырғы үнділер мекенінде жүргізілгенін атап өтеді. Осы негізде «атомдық бомба әдебиетінің» жапон әдебиетінің еншісінде еместігін, әлем әдебиетінде орны бар екенін көрсетеді. «Но куда же все-таки сброшены бомбы и что горит?» [10, 74-б.] – дегенде М. Ода Американың атомдық бомба арқылы өзге елдерді үрейді ұстау мақсатын жеткізеді. Григсс мырзаның түсінде Жапонияға емес, Америкаға атомдық бомба тасталып, қызыл жалынға оралуын көруі қоршаған ортаның қауіпсіз мекеннен қауіпті мекенге айналуын көрсетеді. Бұл жөнінде Ф. Комотти қоршаған ортаның қауіпті мекенге айналуы атом бомбасынан соң тірі қалғандардың «жарақатты еске алатын» мекен ретінде танылуымен байланысты [11, 271-б.].

Атомдық қаруы бар бес мемлекет АҚШ, Кеңес Одағы, Ұлыбритания, Франция, Қытай ядролық қару сынағын өткізу үшін байырғы тұрғындар мекендейтін өңірлерді таңдап алған. Ядролық сынақ алаңдарының таңдап алуынан бастап, сынақтардың жүргізілуінде саяси астар жатыр.

Жапон зерттеушілері «атомдық бомба әдебиеті» жанрында жазатын қаламгерлердің екі кезеңі барын айтады. Бірінші кезең атомдық бомба жарылысының куәгерлерінің естелігіне негізделген. Екінші кезеңде атомдық бомбаның саяси астары, әлеуметтік маңызы айқындалады. Тіпті кейбір зерттеушілер үшінші кезеңді де қосады. Соңғы кезеңде қаламгерлердің атомдық бомба жарылысының бүгінгі күнге дейінгі маңызын жеткізуді мақсат етеді. Дегенмен барлық кезеңге ортақ нәрсе тарихи оқиғаның «жарақат» ретінде көрініс беруі. Атомдық бомба жарылысынан соң символдық жаңарудың белгісі қалаға қайта оралу еді. Атомдық бомба жарылысынан аман қалған тұрғындар қаза тапқандар алдында өздерін кінәлі санады. Бұл әсіресе М. Ода, Й. Ода туындыларында бейнеленген. Осыған сәйкес К. Крут анықтағандай «жарақат» - тірі қалғандардың үнемі бетпе-бет келетін тәжірибесі [12, 62-б.].

Осы тұста Б. Тілегеновтің «Қара жел» шығармасындағы «оралу» мотиві «жарақат» теориясын айқындай түседі. Романның екінші, үшінші бөлімдерінде Арман ел ішіне оралады. Екінші бөлімде ересек, ақыл тоқтатқан. Бұл кезеңде Қайрақты совхозы жаңадан құрылып, полигонға жақын зонада орналасқан. Өзі өскен ауылы: «Қайрақты жұрты ескі ауылдың орнына келді. Бірақ ауылдарын тани алмай, қаңтарылып тұрып қалды. Өздері көрген бұрынғы ауыл емес. Тек, ескі жұрты, үңірейген орны, жұрнағы ғана жатыр» [7, 387-б.], - деп суреттеледі. Кейін Арман Түсіптің ауруға шалдыққан баласын емдетуге қалаға алып келіп, емдетуіне көмек береді. Алайда

тағдырдың жазуымен сәулелі аурумен ауыратын Қайрат қаза табады. Үшінші бөлімде Арман елге оралғанында экономика ғылымдарының докторы, беделді тұлғасы сомдалады. Осы кезеңде ел ішіндегі тоқтаусыз жүргізіліп жатқан сынақтардың тоқтауы тек полигон жабылса ғана жүзеге асатыны баяндалады. Десе де Арманның қолынан келер дәрмен жоқ. «Алыста кең жазықтың бір шетінде қыл көпірдің үстінде қалғандай қалтырап, мүләйімсіп мүсәпір күйге ұшыраған қараша үй, оған жапсырыла салынған ескі қоралар көзге түсті. Түсіптің, марқұм Жұманның ауылы-ау. Бірақ, мұның қолынан келер дәрмен жоқ» [7, 479-б.], - деп шарасыздық хәлі суреттеледі.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің грантымен қаржыландыратын «AP22686946 «Қазақ әдебиетіндегі экология мәселесі (Семей сынақ полигоны негізінде)» жобасы аясында жазылды.

Қорытынды

Әлем әдебиетінде, соның ішінде қазақ әдебиетінде экологиялық апаттардың берілуі көркемдік интерпретацияға негізделген. Зерттеуімізде Семей сынақ полигоны тақырыбын көтерген көркем шығармалар тәуелсіздікке дейінгі және тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдерге ажыратылды. Нәтижесінде Б. Тілегенов, Р. Нұрғали шығармалары тәуелсіздікке дейінгі кезеңде танылып, тақырыптық-идеялық, көркемдік аспектілері анықталды. Б. Тілегенов романында полигон зардабын азайтудың жолы идея ретінде көрініс табады. Алғашқы болып полигон зардабын көркем туындыда тақырып ретінде көтерген автор шешімді де ұсынады. Арманның ғұмырын баяндау арқылы Дегелеңдегі дерттің алдында адамзаттың дәрменсіз хәлі суреттеледі. Р. Нұрғали ядролық жарылыстардың зардабын үш аяқты болып туылған құлынның ерекше болмысымен суреттейді. Н. Ораз жылқы малының ұлттық дүниетанымындағы сакральды мәнін бейнелейді. «Жын жайлаған мекенде» Абат қарттың және оның отбасысының сақтаушысы болған қасқа бие бейнесі «жылқы» жайлы түсініктерді қайта жаңғыртады. Дегенмен жапон жазушысы М. Ода атомдық бомбаның зардаптарын жапон халқының трагедиясы ғана емес, бүкіләлемдік трагедия екенін шығармасына арқау етеді.

Қорытындылайтын болсақ, көркем проза авторлық ұстаным мен көркемдік интерпретацияға құрылады. Қаламгер өз заманының дара тұлғасы бола отырып, қоғамдық, әлеуметтік, сонымен бірге экологиялық мәселелерге бейжай қарамайды. Зерттеуімізде қарастырған Б. Тілегенов, Р. Нұрғали, Н. Ораз, М. Ода сынды қаламгерлер өз өңірлерінің мәселелерін жалпыадамдық құндылық екенін жеткізеді.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 **Қасенова, Т.** Атом улаған дала : Қазақстанның бомбадан бас тарту жолы. – Алматы : Steppe&World Publishing, 2024. – 368-б.
- 2 **Treat, J. W.** Atomic Bomb Literature and the Documentary Fallacy // The journal of Japanese Studies. –Vol. 14, No. 1. – 1988. – P. 27-57
- 3 **Уэллс, Г.** Освобожденный мир. – М. : Neoclassic, 2023. – 288 с.
- 4 Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар. – Алматы : «Evo Press», 2014. – 708-б.
- 5 ХХІ ғасыр әдебиеттануы: терминдер сөздігі. – Алматы : «Service Press», 2024. – 296-б.
- 6 **Қалыбекова, Қ., Хамзина, Қ.** Қазақ прозасындағы адам мен табиғат байланысының көрінісі (Қ.Ысқаков романдары бойынша) // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. №3(111), 2023. – Б. 137–145. – <https://doi.org/10.31489/2023ph3/137-145>
- 7 **Тілегенов, Б.** Сексен алтыншы жыл. Қара жел. Роман. – Алматы : «Дәуір-кітап» баспасы, 2017. – 480-б.
- 8 **Нұрғали, Р.** Дегелең дерті. – Алматы : «Қайнар», 2004. – 464-б.
- 9 **Ораз, Н.** Жылқының көз жасы : Өңгімелер мен хикаяттар, эсселер. – Алматы : «Қайнар» баспасы, 2012. – 320-б.
- 10 **Ода, М.** Хиросоима. – Алматы : Международный клуб Абая, 2005. – 280 с.
- 11 **Comotti, F.** The Magnified Body of Survival : Tracing Communication Paradigms in Hiroshima and Nagasaki's Storytelling // In Andrea De Antoni & Massimo Raveri (Eds.), Death and Desire in Contemporary Japan : Representing, Practicing, Performing. – Venezia : Edizioni Ca' Foscari, 2017. – P. 255–278.
- 12 **Caruth, C.** Unclaimed Experience : Trauma, Narrative and History. John Hopkins University Press, 1996. – 168 p.

References

- 1 **Kasenova, T.** Atom ulagan dala: Kazakstannyn bombadan bas tartu zholy [The Atom-Puffed Steppe: Kazakhstan's Way to Abolish the Bomb] [Text]. – Almaty : Steppe&World Publishing, 2024. – 368 p. (in Kazakh)
- 2 **Treat, J. W.** Atomic Bomb Literature and the Documentary Fallacy // The journal of Japanese Studies. Vol. 14, No. 1, 1988. pp. 27-57 (in English)
- 3 **Wells, G.** Osvobozhdennyi mir [The World Set Free] [Text]. – Moscow : Neoclassic, 2023. – 288 p. (in Russian)
- 4 Kazirgi adebiettanudagy zhalpyadamdyk kundylyktar [Universal values in modern literature] [Text]. – Almaty : «Evo Press», 2014. – 708 p. (in Kazakh)

5 XXI gasyr adebiettanuy: terminder sozdigi [Literary studies of the 21st century : a dictionary of terms] [Text]. – Almaty : «Service Press», 2024. – 296 p. (in Kazakh)

6 **Kalybekova, K., Khamzina, K.** Kazak prozasyndagy adam men tabigat bailansynyn korinisi (K. Yskakov romandary boiynsha) [The manifestation of the relationship between man and nature in Kazakh prose (based on the novels of K. Iskakov)] // Bulletin of the Karaganda University. Philology Series. № 3(111), 2023. – P. 137–145. – <https://doi.org/10.31489/2023ph3/137-145> (in Kazakh)

7 **Tilegenov, B.** Seksen altynshy zhyl. Kara zhel. Roman [Eighty-sixth year. Black wind. Novel] [Text]. – Almaty : «Daur-kitap» publishing house, 2017. – 480 p. (in Kazakh)

8 **Nurgali, R.** Degelen derti [Degelen's disease] [Text]. – Almaty : «Kainar», 2004. – 464 p. (in Kazakh)

9 **Oraz, N.** Zhylykynyn koz zhasy [Tears of a horse: Stories and stories, essays] [Text]. – Almaty : «Kainar» publishing house, 2012. – 320 p. (in kazakh)

10 **Oda, M.** Khiirosima [Hiroshima] [Text]. – Almaty : International Club Abay, 2005. – 280 p. (in Russian)

11 **Comotti, F.** The Magnified Body of Survival : Tracing Communication Paradigms in Hiroshima and Nagasaki's Storytelling // In Andrea De Antoni & Massimo Raveri (Eds.), Death and Desire in Contemporary Japan : Representing, Practicing, Performing. – Venezia: Edizioni Ca' Foscari, 2017. – P. 255–278.

12 **Caruth, C.** Unclaimed Experience : Trauma, Narrative and History. John Hopkins University Press, 1996. – 168 P. (in English)

14.04.24 ж. баспаға түсті.

19.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

26.05.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Г. С. Мусинова¹, К. Т. Тулебаева², Г. Б. Кожяхметова³

^{1,2,3} Alikhan Bokeikhan University,

Республика Казахстан, г. Семей.

Поступило в редакцию 14.04.24.

Поступило с исправлениями 19.01.25.

Принято в печать 26.05.25.

СВЯЗЬ ЧЕЛОВЕКА И ПРИРОДЫ: СЕМИПАЛАТИНСКИЙ ПОЛИГОН

В статье рассматриваются отношения между человеком и природой. Одна из общечеловеческих ценностей XXI века-

экологическая тема в художественной прозе. В статье определена значимость экологических проблем национального уровня на примере казахской и японской литературы с использованием методов контент-анализа, интертекстуального анализа и интерпретационного анализа. Представление экологических проблем является результатом художественной интерпретации в казахской прозе. Рассмотрение темы «Семипалатинский полигон», признанной в казахской прозе «национальной трагедией», осуществлялось в два этапа. В результате были определены художественные, эстетические требования и символическое значение двух периодов.

Изображение экологических катастроф в художественной литературе является тенденцией современной мировой литературы. Признание «Семипалатинского полигона» «национальной трагедией» в национальном литературном процессе требует изучения специфики изложения экологической проблематики в казахской прозе. Соответственно, наше исследование выявило тематический канал и идейные особенности экологической проблематики в казахской прозе.

Включение «Семипалатинского полигона» в произведение искусства рассматривалось в рамках термина «экосин». Сегодня стремительно развивается новая область исследований, изучающая картину экологических катастроф в литературе. Сравнение казахской и японской литературы показывает, что проблемы окружающей среды имеют глобальное значение. Анализ взаимоотношений человека и природы рассматривает последствия экологических катастроф на национальном и глобальном уровнях.

Ключевые слова: экокритика, экологические проблемы, художественная интерпретация, универсальная ценность, литература по атомной бомбе.

*G. S. Mussinova¹, K. T. Tulebayeva², G. B. Kozhakhmetova³

^{1,2,3} Alikhan Bokeikhan University,

Republic of Kazakhstan, Semey.

Received 14.04.24.

Received in revised form 19.01.25.

Accepted for publication 26.05.25.

THE CONNECTION BETWEEN HUMAN AND NATURE: SEMIPALATINSK TEST SITE

The article examines the relationship between humans and nature as one of the fundamental universal values of the 21st century, with particular emphasis on the ecological dimension in contemporary fiction. Employing content analysis, intertextual analysis, and interpretative methodology, the study explores the significance of environmental concerns at the national level through the comparative lens of Kazakh and Japanese literature.

Central to the discussion is the theme of the Polygon Semipalatinsk, which has been canonized in Kazakh prose as a “national tragedy.” The analysis is conducted in two phases, resulting in the identification of key aesthetic criteria and the symbolic meaning characteristic of two distinct literary periods. The incorporation of the Semipalatinsk narrative into literary works is considered within the conceptual framework of ecosin – a newly emerging research domain that investigates the literary portrayal of ecological disasters.

The findings reveal that the depiction of ecological catastrophes constitutes a prominent trend in contemporary world literature. The comparative analysis of Kazakh and Japanese prose underscores the global relevance of environmental issues and the necessity of their artistic representation. Accordingly, the study delineates the thematic trajectory and ideological features of ecological discourse in Kazakh prose, framing it as a significant component of both the national literary process and global ecocritical thought.

Keywords: ecocriticism, environmental issues, literary representation, universal values, atomic bomb literature.

Теруге 26.05.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

6,56 МБ RAM

Шартты баспа табағы 36,03. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: Д. А. Кожас, А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4406

Сдано в набор 26.05.2025 г. Подписано в печать 30.06.2025 г.

Электронное издание

6,56 МБ RAM

Усл. печ. л. 36,03. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: Д. А. Кожас, А. Р. Омарова

Заказ № 4406

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz